

УДК

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ КЕЗЕҢІНІҢ ТАНЫМАЛ ТҮЛҒАСЫ ЗИЯ ГӨКАЛП ШАҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРІКШІЛДІК ИДЕОЛОГИЯСЫ

Маржан Бұқарбай

marzhan.bukarbay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Түркітану» мамандығының

2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Т. Жиёмбаева

Түрікшілдік – түркі халықтарының басқа ұлттармен тең деңгейде өмір сүруін қалаудан туған, бір-біріне жақындығын білдіретін, олардың басын біріктіретін идея. Түрікшілдіктің саяси, әдеби және мәдени қырлары бар. Әдебиеттегі түрікшілдікті түріктік рухын асқақтатқан қаламгерлердің өлең жырларынан, тарихи тұлғалардың көркем шығармаларға арқау болуынан көруге болады.

Түрікшілдік идеясы мұсылман ойшылдары, зиялы қауым өкілдері арасында дін, білім беру мәселелерімен қатарласып кіріп, ХІХ ғасырдың ортасында таралып, өз көсемдерін де жетілдірді. Ислам дінінің жаңартылуы, әйел азаттығы, білім реформалары сияқты мәселелер қоғамға жәдитшілдікпен бірге еніп, өзінің өзектілігін көрсетті.

Түрікшіл ұлт зиялыларының басты мақсаты - түркі халқының санасын оятып, ұлт-азаттық идеясын жаңғыртып, қараңғылықтың құрсауындағы халқын сілкінітіп, оларға дұрыс жолды көрсету еді. Ұлт зиялылары ұлт руханиятының өрлеуіне, халық өмірін қайта құру мақсатында еңбектенді. Мұның бәрі де замана талабынан туындаған болатын.

Түркі халықтары әдебиетіндегі азаттық-ағартушылық тақырып түрікшілдік, ұлтшылдық идеясымен астасып жатты. Анадолы жеріндегі түрікшілдік идеологиясының философиясын айқындап берген, ұлттық әдебиет ағымының дамуына үлкен еңбек сіңірген қайраткер, ойшыл, 1911 жылы «Жас қалам» журналында жарияланған «Тұран» поэмасы арқылы «Түркі халықтарының бірлігін» жақтаған Зия Гөкалп Бірінші дүниежүзілік соғысы жылдарында осы қозғалыстың белді көшбасшысына айналды. Зия Гөкалп 1876 жылы 23 наурызда Диярбакыр қаласында дүниеге келген. 1924 жылы 25 қазанда Стамбұлда қайтыс болған. Шын аты - Мехмет Зия. Бастауыш мектепті бітірген соң Диярбакыр әскери училищесіне оқуға түседі. 1895 жылы Стамбұлға барып Байтар мектебінде білімін жалғастырады. Осы жерде азатшыл және конституцияшыл идеялармен танысып, «Жас түріктер» қозғалысынан үлкен әсер алады. Кейіннен оқуын тастап Диярбакырда түркітануға байланысты ауқымды жұмыстар атқара бастайды. Сол жерде алдымен түрік тарихын оқып-үйренуге үлкен ден қояды.

Зия Гөкалп 1908 жылы «Иттихат ве теракки» (Бірлік және даму) қоғамының Диярбакырдағы бөлімшесін басқарады. «Пейман» және «Дижла» газеттерінде конституция туралы мақалаларын жариялайды. 1909 жылы Селаникте ұйымдастырылған «Бірлік және даму» қоғамының конгресіне Диярбакыр делегациясын алып барады. 1911 жылы «Жас қалам» журналына өзінің танымал «Тұран» өлеңін жариялайды. Балқан соғысы басталған кезде Зия Гөкалп Ыстамбұлға оралады. 1912 жылы құрылған «Түрік ошағының» негізін қалаушылардың бірі. Ыстамбұл университетінде әлеуметтану кафедрасын ашып, сол жерде дәріс береді. «Йени межмуа» (Жаңа журнал) журналымен қатар «Түрік жұрты», «Халыққа қарата», «Ислам» журналы сияқты басылымдарда тарих, мәдениет, әлеуметтануға байланысты мақалалары жарық көреді.

Ағылшындар 1919 жылы Ыстамбұлды уақытша жаулап алған кезде көптеген ақын-жазушылар, ойшылдар, журналисттер, дін және мемлекет қайраткерлерімен бірге Зия Гөкалп та тұтқындалып, Мальта аралына жер аударылады.

Зия Гөкалп - түрікшілдіктің философиясын арнайы бағдарлама аясында айқындап берген, ұлттық әдебиет ағымының дамуына үлкен еңбек сіңірген қайраткер, ойшыл. Зия Гөкалп «Түрікшілдіктің негіздері» атты еңбегінде түрікшілдікке «түрік ұлтын асқақтату» деген анықтама береді. Оның пікірінше, ұлт «нәсілдік те, қауымдық та, жағырапиялық та, саяси да топ емес. Ұлт – тілі, діні, моралі және эстетикасы ортақ, яғни бір тәрбие алған тұлғалардан құралған топ» [1, 25]. З.Гөкалптың ойынша, түрікшілдіктің негізгі қағидаларының бірі – халыққа қарай бет бұру. Бұл халықтағы ұлттық мәдениетті – зиялыларға, зиялылардағы өркениет мәдениетін – халыққа жеткізу деген сөз. Яғни, халық пен зиялыларды бір мәдениет аясында табыстыру. Ол Ислам діні мен түрік ұлтын сақтай отырып, Батыс өркениетіне кіруді қажет деп санады. Осы бағыттағы сенімін «Түрік ұлтынанмын, Ислам үмбетіненмін, Батыс өркениетіненмін» [1, 50] сөздерімен айшықтайды.

Зия Гөкалптың «Түрікшілдіктің негіздері» еңбегі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде түрікшілдіктің мәні мен мазмұны, екінші бөлімінде түрікшілдіктің бағдарламасы айқындалды. Аталған еңбегінде Тұранды түркі халқының «бұрын шындыққа айналған немесе болашақта шындыққа айналатын Ұлы Отаны» ретінде суреттейді. Сонымен қатар, «Түрікшілдіктің мәні мен мазмұны» деп аталатын бірінші бөлімінде «Түрікшілдіктің тарихы», «Түрікшілдік» деген не?, «Түрікшілдік және тұраншылдық», «Ұлттық мәдениет және өркениет», «Халыққа бару», «Батысқа бару», «Тарихи материализм және қоғамдық идеализм», «Ұлттық намысты күшейту», «Ұлттық ынтымақтастықты күшейту», «Мәдениет пен кемелдік» сияқты мәселелер қамтылған [2, 5].

Зия Гөкалп «Түрікшілдіктің бағдарламасы» деп аталатын екінші бөлімде алдымен «түрік тілі» мәселесін қолға алған. «Ахлақта түрікшілдік» бөлімінде түріктердегі ахлақ, отанға, мамандыққа, отбасыға, өркениетке т.б. деген ахлақ мәселелері қолға алынды. Еңбектің кейінгі бөлімдерінде «Кұқықта, дінде, экономикада, саясатта, философияда түрікшілдік» мәселелеріне тоқталды.

Қайтаркер түрікшілдіктің алғашқы негіздерінен бірі «халыққа бару» ұстанымы, ал осы халыққа баруды ағартушылар жүзеге асыруы керектігін, ал «батысқа бару» бөлімінде өркениетті түсінуде және оны меңгеруде батысқа бағыт алудың қажеттігін атап өтті.

Зия Гөкалп әуелде тұраншылдық көзқарасын жақтағанымен, кейіннен оның зияны тиер деген оймен бас тартып Түркия түрікшілдігін жақтады. Өзінің қағидаларын, ой-пікірлерін білдірген «Түрікшілдіктің негіздері» атты кітабының бір бөлімін түрік тілі мен әдебиетіне арнады. Көптеген тіл мамандары мен әдебиетшілерді осы мақсатта біріктіруге тырысты.

Зия Гөкалп көзі тірісінде тек он шығармасын ғана жариялай алды. Олар: «Шаки Ибрахим дастаны» (1908), «Илм-и Ичтима дәрістері» (1913), «Қызыл алма» (1914), «Ресейдегі түркілер не істеуі керек?» (1918), «Түркішілдік, Исламшылдық, Батысшылдық» (1918), «Жаңа өмір» (1918), «Түрік төресі» (1923), «Түрікшілдіктің негіздері» (1923), «Дұрыс жол, ұлт билігі ұстанымдарының топтастырылуы, талдауы және түсініктемелері» (1923), «Алтын сәуле» (1923) еңбектері.

Қоғамдық мәселелерді баяндайтын «*Шаки Ибрахим дастаны*» Зия Гөкалптың саяси бағытын және «Иттихат және Тераккидағы» ой-пікірлерін қарастырады.

«*Илм-и Ичтима Дәрістері*» әдебиет факультетінде сабақ беріп жүрген кезінде жүргізген дәрістерінің топтамасынан тұратын кішігірім көлемдегі еңбегі саналады.

1914 жылы жарияланған және алғашқы өлең кітабы саналатын «*Қызыл алманы*» әдебиет факультетінде оқытушы болып жүрген кезінде жариялайды.

1918 жылы жарияланған «*Жаңа өмір*» тіл және өлшем жағынан ұлттық ерекшелікке ие шығармаларынан бірі саналады. Аталған кітабында «дін, тіл, ғылым, отан, ұлт, ахлақ, әйел, ауыл, салық, білім беру, ақыл» сияқты жаңа өмірдің құндылықтары жырланған өлеңдері қамтылған.

Зия Гөкалп «Ресейдегі түркілер не істеуі керек?» атты еңбегінде Ресейдегі Патшалық режимнің құлауына байланысты түркі әлеміне бағытталған тарих, мәдени және саяси шешімдері қарастырылған. Бұл еңбектен Тұран идеологиясының қайтадан жаңғыртылуына деген сенімін байқауға болады [3, 29].

«Түркішілдік, исламшылдық, батысшылдық» атты еңбегінде «Түрік йурду» журналында жазған мақалаларын жинақтаған. Түркияда және Түркиядан тыс жерлерде пікірталасқа айналған *османишылдық, исламшылдық, түрікшілдік* идеяларын қолға алған еңбегінде Юсуф Акшора мен Әли Хүсейнзадениң идеяларын синтездеуге тырысқандығы байқалады.

«Түрік төресі» еңбегінде «төре» ұғымының мазмұнын ашқан Зия Гөкалп түркілердің дін және тіл ерекшеліктеріне тоқталып, осы екі ұғымның ұлттың тұрмыс-тіршілігіндегі маңызына көңіл аударды [4, 14-21].

«Алтын сәуле» еңбегінде түрік дастандары мен ертегілерін поэзия тіліне айналдыруға тырысты.

Шығармаларын қарапайым тілмен жазған Зия Гөкалп «жазба тіл мен сөйлеу тілін біріктіру қажет» деген пікірді жақтады. Османлы түрік тілінде пайдаланылған араб және парсы тілдерінің грамматикалық ережелерін алып тастауды жақтады. Алайда, халық пайдаланып отырған араб-парсы сөздерін «түрік тілінің ұлттық байлығының бір бөлшегі» деп санау қажет екендігін атап көрсетті.

Поэзияны өзінің көзқарасын, идеяларын таратудың құралы санаған Зия Гөкалп осы мақсатта көптеген дидактикалық өлеңдер жазды. Олардың бір бөлігі қоғамдық пікірлерін насихаттау және халықты тәрбиелеу үшін жазылса, тағы бір бөлігінің тақырыптары түрік мифологиясынан – дастандары мен ертегі-аңыздарынан алынды. Зия Гөкалптың өлеңдері «Қызыл алма», «Жаңа өмір», «Алтын жарық» сияқты кітаптарында жинақталды.

Зия Гөкалп - түрікшілдіктің пәлсапасын арнайы бағдарлама аясында айқындап берген, ұлттық әдебиет ағымының дамуына үлкен еңбек сіңірген қайраткер, ойшыл, өткен ғасырдың ең танымал ағартушыларынан бірі. Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрік Зия Гөкалпты «менің ой-пікірімнің әкесі» деп бағалаған.

Саяси, әлеуметтік және мәдени тұрмыс-тіршілікке маңызды үлес қосқан Зия Гөкалп көптеген ұғымдар, терминдер, идеяларды алғаш рет түркі қоғамына таныстырып, өзі өмір сүрген кезеңнің мәселелерін қоғамға түсіндіруге тырысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Көкалып З. Түрікшілдіктің негіздері. Аударған – Фәдли Әли. – Алматы: «Мерей», 2000. – 130 б.
2. Gökalp Z. Türkçülüğün Esasları. Haz. Kemal Bek. - İstanbul: Bordo siyah, 2008. – 242 б.
3. Koz, M. Sabri. “Rusya’daki Türkler Ne yapmalı?”, Ziya Gökalp – Kitaplar 1. Haz. Şevket Beysanoğlu- Yusuf Çotuksöken vd., - İstanbul: Yapı Kredi Yayınları, 2007.
4. Gökalp Z. Türk Töresi. Haz. Hikmet Dizdaroğlu. - Ankara: Devlet Kitapları, 2007.